



Қазақстан қор биржасы  
Казахстанская фондовая биржа  
Kazakhstan Stock Exchange



## ПРЕСС-РЕЛИЗ

Алматы қ.

07 наурыз 2019 жыл

### **Қазақстан қор биржасында, гендерлік теңдікке арналған, бағалы қағаздар сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімі өтті**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) 2019 жылдың 07 наурызында Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" Құрылымы, Дүниежүзілік банк және Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) "Тұрақты қор биржалар" бастамасы (UN SSE бастамасы) аясында KASE нарықтарында "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттықтардың салтанатты ашылу рәсімін өткізді. KASE БҰҰ бастамасына 2015 жылдың 24 қыркүйегінде қосылған.

Бұл іс-шара Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылып, гендерлік теңдіктің маңыздылығына, әйелдердің құқықтарын және экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ оларды қоғамда атқаратын рөлін арттыру мәселесіне назар аударады.

"KASE БҰҰ тұрақты даму принциптерін, соның ішінде гендерлік теңдікті қолдайды және бизнестің назарын тартуға және ұйымдарда гендерлік теңдікті сақтауға өз үлесін қосуға талпынады. Бизнес-практикалардың дәйектілікпен тұрақты іске асырылуы – кез келген ұйымның тиімді қызметіне кепіл болады", - деді өз сөзінде KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамбергенова.

"Еңбек нарығында әйелдердің қатысу деңгейін ер адамдардың деңгейіне дейін арттыру еліміздің ЖІӨ елеулі өсуіне және ұлттық экономиканың өсуіне әбден себеп бола алады. Кейбір мемлекеттер еңбек нарығында әйелдердің толыққанды қатыспауы себебінен ЖІӨ 27% дейін жоғалтады. Қазақстан осы бағытта маңызды қадамдар жасап, еліміздің экономикасында әйелдердің мүмкіндіктері мен құқықтарын әрі қарай кеңейтуге қол жеткізе алады деп сенеміз", – деді өз сөзінде Орталық Азиядағы Дүниежүзілік банктің аймақтық директоры, Лилия Бурунчук.

"Жеке сектор еліміздің тұрақты дамуында және қоғамдағы гендерлік теңдікке қолжеткізуде маңызды рөл атқаратыны анық. Біз Қазақстанның компанияларын, өз бизнесінің жайғасымдарын нығайту үшін ғана емес, әйелдердің атқаратын рөлін күшейту арқылы жалпы қоғамды тұрақты ету үшін, "Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту принциптерін" қолдауға шақырамыз. Бұл Қазақстанның әлемнің дамыған елдерінің 30-на кіру мақсатына қолжеткізуге сеп болады", – деді өз сөзінде Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" Құрылымының өкілі Илейн Конкиевич.

Қазақстан қор биржасында өткен салтанатты рәсімге Қазақстанның қоғамдық-саяси және қаржы-экономикалық салаларына өз үлесін қосқан, еліміздің белгілі әйелдері қатысты.

Дүниежүзілік "The Global Gender Gap Report – 2018" экономикалық форумның мәліметінше, 149 мемлекеттер арасында Қазақстан 60 орынға иеленіп, Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсеке қабілеттілік индексында "Жұмыс істейтін әйелдер" көрсеткіші бойынша 25 орында тұр.

Жыл сайын әлемде 60 астам биржа БҰҰ осы бастамасын қолдап келеді. Осы акцияның ұйымдастырушылары Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісім-шартының, "БҰҰ-әйелдер", IFC, "Әйелдер және биржалық индекстік қорлар" және Дүниежүзілік биржалар феррерациясының қатысушылары болып табылады.

Ring the Bell for Gender Equality бастамасы түрлі елдердің биржалық алаңдарында бизнес-қауымдастықтың әйел-көшбасшыларын, мемлекеттік органдардың және басқа салалардың өкілдерінің басын қосады.

## **Анықтама**

**Біріккен Ұлттар Ұйымының "Тұрақты қор биржалар" бастамасы** – биржалардың, инвесторлардың және реттеушінің арасында ынтымақтастықты нығайтуға, ақпараттар ашу деңгейін арттыруға және ESG халықаралық стандарттарына сәйкестікке жетуге арналған платформа. Бұл бастама 2009 жылы БҰҰ бұрынғы Бас хатшысымен құрылған.

**Гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Құрылымы ("БҰҰ-әйелдер")**

"БҰҰ-әйелдер" – БҰҰ құрылымы, оның қызметі гендерлік теңдік пен әйелдердің экономикалық мүмкіндіктері мен құқықтарына күреске бағытталған. "БҰҰ-әйелдер" БҰҰ мүшесі болып табылатын мемлекеттерге гендерлік теңдікке жету үшін дүниежүзілік стандарттарға ұмтылысында және елдердің үкіметтерімен және азаматтар қоғамымен заңдарды, стратегияларды, саясаттарды, бағдарламаларды және қызметтерді әзірлегенде көмектесіп, осы нормалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуді және әлемдегі әйелдер мен қыз балалардың пайдасын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

**Дүниежүзілік банкінің тобы** кедейлікті жоққа шығару бойынша талпыныста және әлемде әлемде ауқаттылықты арттырда маңызды рөл атқарады. Оған кіреді: Дүниежүзілік банк (халықаралық қайта құру және даму банкі) және халықаралық даму ассоциациясы, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), Инвестицияларды кепілдеу бойынша Көптарапты агенттік, сондай-ақ Инвестициялық дауларды реттеу бойынша халықаралық орталық. 100-ден астам елдерде бірлесіп жұмыс жасай отырып, осы ұйымдар қаржыландыру, кеңес беру және басқа да қызметтерді көрсетіп, осы елдерге экономикалық дамудың ең көкейкесті мәселелерін шешуге көмектеседі. Қосымша ақпарат алу үшін [www.worldbank.org](http://www.worldbank.org), [www.miga.org](http://www.miga.org) және [www.ifc.org](http://www.ifc.org).

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE)** Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)